



25 қазан — Республика күні құтты болсын!



№89 (2906)
24/10/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ҚАЗАҚСТАН ІРІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛАДЫ

Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстан Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыра отырып, Қытаймен шекаралас әрі аумағы үлкен құрлықшілік мемлекет ретінде халықаралық маңызға ие көліктік-логистикалық хабқа айналуға барынша күш салып отыр және оған алғышарт та жоқ емес.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«...Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, соңғы 15 жылда біз осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөлдік. Ляньюньгандағы қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз», – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Бейжің қаласында өткен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумында сөйлеген сөзінде.

Шын мәнінде, Қазақстанның Орталық Азиядағы және Каспий аумағындағы ірі көлік-логистикалық хаб болуға мүмкіндігі жоғары, әлеуеті зор. Қазір Мемлекет басшысы алға қойып отырған бұл тапсырманы жүзеге асыру үшін еліміздің түкпір-түкпірінде, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы шекараларында және Каспий теңізінде көлік-логистикалық және сауда тораптары құрылууда. Ал Транскаспий халықаралық көлік бағдары Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын «Бір белдеу, бір жол» бастамасының құрлықтағы көпіріне айналмақ және жүк тасымалдау мерзімін екі есе



қысқартуға, көлік шығындарын едәуір азайтуға ықпал етпек.

Алдағы үш жыл ішінде салынуы межеленген 1300 шақырым жаңа теміржол құрылысы, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашу, «Бақты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарының құрылысына қатысты Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жандандық

бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді.

Жалпы Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасында Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары арқылы жеті жылдан соң тасымалданатын транзиттік және өзге де жүктердің көлемі 20 млн тонна шамасын құрайды деп болжануда. Яғни 2030 жылға қарай аталған бағдардың өткізу қабілеті он есе артпақ.

Құрметті әріптестер және сала ардагерлері!!

Республика күніне орай шын жүректен шыққан ыстық лебізді қабыл алыңыздар. Бұл күн – ата-бабамыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманының орындалған күні. Көк туымыз желбіреп, келешегіміз жарқын болсын.

Бүгінгі күннің тарихи маңызы бар. Осы айтулы күні Мемлекеттік егемендік туралы декларациясы қабылданып, ол еліміздің қасиетті Тәуелсіздігіне жол ашты. Қазақстан әлемдік қоғамдастық мойындаған тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде заңды түрде ресімделген мәртебеге ие болды.

Бұл мереке ел тарихындағы мүлдем жаңа дәуірдің басталуын білдіреді. Қазақстан алғаш рет халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісіне айналды. Осы кезеңде ел үлкен және күрделі жолдан өтіп, айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Еліміз үшін ауқымды және маңызды жобаларды мыңдаған теміржолшылар ұжымы да жүзеге асыруда. Біз тасымалдау қарқынын арттырып, желінің өткізу қабілетін кеңейту жөніндегі міндеттерді шешудеміз, жаңа логистикалық бағыттарды игеріп келеміз.

Құрметті әріптестер! Жемісті еңбектеріңіз, кәсіби маман ретіндегі компанияның дамуына және елдің өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтуым келеді!

Сіздерге еңбекте табыс, отбасыларыңызға береке мен бірлік тілеймін. Қолға алған барлық істеріңіз сәттілікпен өріліп, жаңа Қазақстанды құру жолындағы ісіміз алға баса берсін!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



Уважаемые железнодорожники и ветераны отрасли!

От лица отраслевого Профсоюза поздравляю Вас с Днем Республики Казахстан!

25 октября 1990 года с принятием Декларации о государственном суверенитете наша страна продекларировала политико-правовые основы Казахстана как независимого государства.

В этот светлый и значимый для каждого гражданина Казахстана день сердечно поздравляю железнодорожников и членов их семей, а также всех казахстанцев с этим знаменательным праздником и искренне желаю мира, процветания, счастья, здоровья и новых успехов во благо нашей независимой страны!

Орагали АХМЕТБАЕВ,
председатель
ОО «КАЗПРОФТРАНС»



Инфрақұрылым

МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Ақтөбе облысына жұмыс сапарымен келген Көлік министрі Марат Қарабаев жергілікті авто және теміржол инфрақұрылымдарымен танысып, әлеуметтік маңызды нысандарды аралады. Ақтөбе және Қандыағаш темір жол вокзалдарында болған министр жолаушылар сервисін жақсартуға тапсырма берді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Көлік министрі өңірге сапарын тұрғындармен кездесуден бастады. Марат Қарабаевпен кездесу туралы алдын ала БАҚ арқылы және әлеуметтік желілерде хабарланып, кездесуге қоғам белсенділері мен әуе, теміржол және автожол салаларының жауапты өкілдері қатысты.

Қала тұрғындары ведомство басшысына жылу электр орталығы, мемлекеттік жергілікті электр станциясы және басқа

да кәсіпорындар үшін көмір тасымалдауды қамтамасыз етуге қатысты сұрақтармен жүгінді. Облыс тұрғындарының басым көпшілігі жергілікті автожолдардың сапасына сын айтты. Сондай-ақ теміржол вокзалдарының жай-күйі, билет бағасы, авиабилеттердің қолжетімсіздігі сөз болды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалының директоры Беріхан Беркімбаев Ақтөбе теміржол вокзалына барған министрді қала қақпасының жұмысымен таныстырды.

«Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша вокзалдардың қаржылық көрсеткіші көңіл көншітпейді. Осыған байланысты Ақтөбе облысындағы көлік инфрақұрылымының әлеуметтік маңызды объектілерін дамыту жоспарлары мен жолаушылар сервисін жақсарту мәселесін қарастыру керек», – деді министр.

Вокзал ішін аралап көрген Марат Қарабаев қыста салқын болатын темір орындықтарды ауыстырып, қызмет көрсету сапасын жақсартуды тапсырды.

«Вокзалдардағы жағдайды жақсартуға бюджеттен қаржы қарастыру туралы ой бар. Жағдайды көзбен көріп, жан-жақты есеп-қисап жасап, шешім қабылдайтын боламыз», – деді Қарабаев.

Ақтөбе және Қандыағаш станцияларындағы теміржол вокзалдары 40-50 жыл бұрын салынған. 2013 жылы күрделі жөндеуден өткен. Бүгінгі таңда халықаралық транзиттік жолаушылар пойыздарын қоса алғанда, екі вокзал арқылы 18 бағытта жолаушылар пойызы қатынайды.

Суретті мүсіреп автор



Айбек КАПАР,
управляющий директор по логистике
компания КТЖ Express:



СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ АО «КТЖ EXPRESS» НАПРАВЛЕНА НА ДОСТИЖЕНИЕ ТАКИХ ЦЕЛЕЙ, КАК РАЗВИТИЕ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК, ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ, УРОВНЯ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ КЛИЕНТОВ И ЦИФРОВИЗАЦИЮ. ТАКЖЕ МЫ БУДЕМ ПРОДОЛЖАТЬ ОСУЩЕСТВЛЯТЬ ПЕРЕВОЗКИ ЗА СЧЕТ СВОЕЙ АГЕНТСКОЙ СЕТИ В КИТАЕ, ЕВРОПЕ, ТУРЦИИ И РОССИИ. ПЛАНИРУЕТСЯ ОКАЗАНИЕ КОМПЛЕКСНЫХ ЛОГИСТИЧЕСКИХ УСЛУГ С УЧЕТОМ «ПЕРВОЙ И ПОСЛЕДНЕЙ МИЛИ»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ КОНТЕЙНЕРЛІК ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

6,5 млн

КОНТЕЙНЕРДЕН АСҚАН.

ӨТКЕН ҮШ ТОҚСАНДА ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ БЫЛТЫРҒЫҒА ҚАРАҒАНДА

12%

ӨСКЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ТОҒЫЗ АЙДА ҚАЗАҚСТАНҒА

2,1 млн ТОННА

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮГІ ИМПОРТТАЛҒАН.

ВРЕМЯ НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

Для казахстанцев 25 октября символизирует начало совершенно новой эпохи в истории страны. Казахстан впервые стал полноценным субъектом международных отношений. При этом именно железные дороги за годы становления молодого государства стали системообразующей инфраструктурой социально-экономического развития.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

– Казахстан прилагает серьезные усилия, чтобы стать транспортно-логистическим узлом международного значения. Запущены такие крупные инфраструктурные проекты, как казахско-китайский логистический центр в Ляньюньгане, сухой порт «Хоргос», транзитная магистраль Западная Европа – Западный Китай, железнодорожный коридор из Китая в Иран. Планируется проложить 1,3 тысячи километров новых железнодорожных путей в течение трех лет, открыть третий железнодорожный пункт пропуска на границе с Китаем и построить новые сухие порты «Бахты» и «Калжат», – сказал Президент РК Касым-Жомарт Тоқаев.

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ КАРКАС СТРАНЫ За годы независимости построено более 2,5 тысячи километров железнодорожных линий, которые увеличились на пятую часть своей прежней протяженности. Первая ласточка независимости – железная дорога

Аксу – Дегелен, в 2004 году введена в эксплуатацию железная дорога Хромтау – Алтынсарин протяженностью 402 километра, что позволило кратчайшим путем поставлять казахстанскую продукцию на внешний рынок. В 2008 году построено 151 километр железной дороги Шар – Усть-Каменогорск.

В 2011 году по проекту «Узень – Государственная граница с Туркменистаном» введено в эксплуатацию 146 километров дорог. В 2014 году в рамках госпрограммы развития «Нұрлы жол» построена новая железнодорожная линия Боржакты – Ерсай протяженностью 14 километров, линия соединила порт Курык с магистральной железнодорожной сетью. В 2015 году был дан старт проекту по строительству более 110 километров главных путей, возведено 92 специальных сооружений, в том числе 64 железобетонных труб, 22 мостов, шести дукеров, двух путепроводов в рамках строительства вторых путей дороги Шу – Алматы-1.

Все эти и многочисленные другие осуществ-

ленные проекты превратили нашу страну в могучий транспортно-логистический хаб с мировым значением.

ХОЛДИНГ НАРАЩИВАЕТ ТЯГУ

За этот период времени становления страна прошла большой и сложный путь, добившись значительных успехов в различных сферах. Казахстан продолжает свой уверенный путь к успеху. Сейчас в рамках поручения Главы государства национальная компания «ҚТЖ» успешно трансформируется в национальный транспортно-логистический холдинг.

Для обеспечения пропускной способности грузопотока ҚТЖ ведет работу по расширению инфраструктуры Казахстана. Это возведение новых и модернизация существующих железнодорожных путей. Ведется строительство вторых путей Достык – Мойынты. Запланировано строительство участка Дарбаза – Мактаарал, обводной вокруг Алматы, открытие третьего пограничного перехода с Китаем (Бахты – Аягөз). Ведется строительство и реконструкция терминалов морских и сухих портов.

ОБ УСПЕХЕ ЯЗЫКОМ ЦИФР

Уже по итогам 9 месяцев 2023 года экспортные перевозки железнодорожным транспортом увеличились на 7,4% к уровню аналогичного периода 2022 года и составили 63 миллиона тонн. Положительную динамику продемонстрировали перевозки нефти (+2,8%), зерна (+40%), железной руды (+28%), химикатов (+25%), удобрений (+17%) и цветной руды (+14%).


На динамику перевозок данных видов грузов в экспортном сообщении основное влияние оказывает экономическое, социальное и демографическое положение стран-получателей. В число лидеров стран – получателей казахстанских грузов вошли Китай и Узбекистан. За январь – сентябрь экспорт угля в/через КНР вырос в 4,4 раза, зерна – в 3,7 раза, химикатов и соды – в 38 раз. Также увеличился экспорт железной руды на 15%, цветных металлов на 30%, нефтепродуктов на 28% и цветной руды на 20%.

Вырос объем экспортных перевозок в/через Узбекистан зерна на 27%, черных металлов и нефтепродуктов – на 18%, химических и минеральных удобрений – на 57%, нефти – на 78%, строительных грузов – на 36%. Отправка угля через стыв Сарыағаш увеличилась в 2,1 раза.

Значительно растет и пассажирооборот – за 9 месяцев 2023 года он составил 9,1 миллиарда пассажиро-километров. Количество отправленных пассажиров – 10,4 миллиона.

ДӘЛІЗДІ ДАМУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Қазақстанның Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарын дамыту шеңберіндегі мүмкіндіктері мен жоспарлары 20 қазан күні Гаагада «Орта дәліз – Еуропа үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында өткен дөңгелек үстелде талқыланды.

Алқалы жиында Көлік комитетінің төрағасы Алтай Әлі Қазақстанның Транскаспийлік халықаралық көлік бағытын дамыту шеңберіндегі мүмкіндіктері мен жоспарлары туралы айтып берді. Сондай-ақ еуропалық компанияларға Ақтау портындағы контейнерлік хабтың құрылысы, теңіз флотын дамыту, Достық-Мойынты және Алматы станцияларының теміржол торабынан айналып өтетін теміржол желісін салуды қоса алғанда, маршруттағы инвестициялық жобалар ұсынылды.

Іс-шараға ҚР Нидерланды Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Асқар Жұмағалиев, Әзербайжан, Грузия және Түркиядағы көлік мәселелеріне жауапты ведомстволар мен елшіліктердің өкілдері шақырылды. Айта кетерлігі, Транскаспий халықаралық көлік бағыты – Қытай мен Еуропа елдерін байланыстыратын негізгі торап. Биыл 9 айда Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша 2 млн тоннаға жуық жүк тасымалданған.

ЖОЛ ТАБАНЫ САУЫҚТЫРЫЛУДА

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Магистральдық желі дирекциясының алдында инфрақұрылымды жаңғырту және пойыздардың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ету бойынша келелі міндеттер тұр. Бүгінде осы бағытта мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, жол табанын сауықтыру жұмыстарына келсек, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша 900 км астам жол жаңғыртылған. Соның ішінде 520,9 км жол күрделі жөндеуден өтсе, 111 шақырымға жуық жолға күшейтілген орта жөндеу жүргізілген.

Сонымен қатар тозығы жеткен 62,6 км рельс бунағы тұтастай алмастырылып, 5368 км жолға ауыр типті жол машиналарымен сауықтыру жұмыстары атқарылған.

Жыл басынан бері 90 мыңға жуық шпал, бағыттауыш бұрмаларда 181 айқастырма, 528 ремкомплект алмастырылып, 799 км жол бойына малдың жолға шығып кетуіне тосқауыл болатын қоршау орнатылған. Сондай-ақ желі бойындағы 306 қисық телім талапқа сай жөнге келтірілген.

АЙТУЛЫ ДАТА АТАЛЫП ӨТТІ

Еділ ЕРМЕК,
Атырау



Жуырда Атырау филиалында «Қазтеміртранс» АҚ-ның құрылғанына 20 жыл болған мерейлі күн кәсіподақ ұжымының ұйымдастыруымен аталып өтті. Қазақстанның көлік нарығының көш басындағы ұлттық оператордың жеке паркінде бүгінде 40 мың жүк вагоны бар.

Жалпы, жүк вагондарының операторлық және көлік экспедициясы қызмет түрлерін көрсететін компания айына 8 миллионнан астам жүк тасымалын қамтамасыз етеді екен. Вагондарды операциялау, арнайы жылжымалы құрамды жалға берумен қатар компания металл сынықтарын сақтау және өткізу қызметімен де айналысады. Жылжымалы құрамдары тек Қазақстан емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан, Түрікменстан жолдарында жүреді. Ал клиенттер онлайн-сервис арқылы қызмет түрлерін пайдалана алады.

Компанияның Атырау филиалы бойынша биылғы 9 айда 3606 вагон жүк тиелген, негізгі серіктестері: «Карт», «РауанТех», «Иси Гипс Индер», «БатысТрансГрупп», т.б. жергілікті мекемелер.

Салтанатты шараға Атырау жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары мен зейнеткерлер арнайы шақырылыпты. Филиал директорының міндетін атқарушы Күләш Бисенова өз сөзінде филиалдың 20 жылдан бері вагон нарығында өзіндік орны бар компания ретінде қалыптасқанын жеткізді. Мекеменің құрылған кездегі қайнар бастауында болған Қайырлы Кеңжалиев, Рая Мұсақева, Тыныштық Сакишева, Лайық Жайғалиқызы және басқа зейнеткерлер, бұрын осы мекемеде басшы болған Айдын Мұхамбетов, Күләш Мұғауова кәсіподақ төрайымы Ақжайық Әбішева өткен күндерден естелік айтып, қиын да қызықты кездерді еске алысты.

Атаулы күнге орай зейнеткерлер мен бірқатар мамандарға «Қазтеміртранс» АҚ Басқарма төрағасы Қ.Сәуірбаевтың атынан Алғыс хат табысты. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Боранбай Камиев те құттықтау хатын жолдап, кәсіподақ атынан сыйлық жасады.

Суретті түсірген автор

ШЕБЕРЛІК СЫНҒА ТҮСКЕН САЙЫС

Қызылорда қосалқы бөліміне қарасты станцияларда еңбек ететін теміржолшылар арасында өз кәсібінің үздігін анықтау мақсатында басталған байқау мәреге жетіп, тоғыз теміржолшының бағы жанды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Аймақ теміржолшыларының білім-білігін жетілдіріп, кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында Қызылорда қосалқы бөлімінің бастығы Батырхан Базарбаевтың пәрменімен қыркүйек айында еңбек ұжымдарында іріктеу туры ретінде басталған үздіктер сайысы Қызылорда станциясында өткізілген үш сағаттық финалдық байқауда қорытындыланды.

Сексеуіл мен Шорнақ станциялары арасындағы еңбек ұжымдарынан іріктелген 21 үміткердің ішінен өз кәсібінің қыр-сырын терең меңгерген, кәсіби теміржолшының анықтау додасына қауіпсіздік бөлімінің басшысы Ғалымжан Шолан, оқу шеберлері Базарқұл Қалымбетова мен Сәбит Нұрманов қазылық жасады.

– Аймақтағы ірілі-ұсақты станция-бекеттерде жұмыс жасайтын теміржолшылардың еңбекке деген құлшынысын арттыру, кәсіби шеберлігін жетілдіру, теориялық білім деңгейін көтеріп, біліктілігін шыңдауды көздеген конкурсты өткізу регламенті жасалып, пойыз құрастырушылар, парк және станция кезекшілері арасынан үздіктерді анықтау сайысы қыркүйек айында басталды. Сол іріктеуден өткендер бүгінгі финалда сынға түсіп, өздерінің шеберліктері мен кәсібиліктерін көрсетеді, – деді үміткерлерге сәттілік тілеген қосалқы бөлім бастығының орынбасары Бекжан Өтеулиев.

Үш этаптан тұратын конкурста қатысушы-



лар алдымен теориялық тест сұрақтарына жауап беріп, ПТЭ, ИДП, ИСИ және НТД ережелеріне сай әзірленген сынақтан сүрінбей өтіп, «жедел сауалдар» кезеңіне көшті. Одан кейін «суретке қарап жауабын табу» тақырыбында ситуациялы жағдайға тап болғанда оңтайлы әрі тиімді шешім жасау қабілеті бойынша сынға түсті. Конкурстың әр кезеңінде берілген сауалдардың жауабы 1-3 балдық шкаламен бағаланды. Жауаптардың әділ бағалануына кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев бақылау жасап, әріптестеріне қолдау білдірді.

Шеберлік сынға түскен сайыста теміржолшының күнделікті атқаратын жұмысы, басты назарға алынатын талаптар мен ережелер, экологиялық, теориялық, кәсіби сауаттылық төңірегінде әзірленген сауалдарға ұтымды жауап, қиын жағдайдан жол тауып шыға

билетін тапқырлық басты назарға алынды.

Конкурс нәтижесінде Қызылорда станциясының кезекшісі Рүстем Құрманғазиев, Белкөл станциясының парк кезекшісі Мақсат Сейтов, Қызылорда станциясының пойыз құрастырушысы Шапағат Асербаев – 1-орын, Белкөл станциясының кезекшісі Бақытжан Назаров, Жосалы станциясының парк кезекшісі Сарманби Торбаев, Жаңақорған станциясының пойыз құрастырушысы Ғазиз Саукенбаев – жүлделі екінші орынды, Шиелі станциясының пойыз құрастырушысы Нұрсұлтан Жақсылықов, Сексеуіл станциясының кезекшісі Серік Мырзағұлов және Белкөл станциясының пойыз құрастырушысы Нұрдәулет Мекебаев жүлделі 3-орынды иеленіп, арнайы марапат пен кәсіподақ ұйымы атынан қаржылай сыйлық алды.

Суретті түсірген автор

ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ ТАБЫС



АЙМАҚ

Мұнайлы аймақтың қос ішектей тартылған темір жолымен ерсілі-қарсылы жүйткіген пойыздар қозғалысы тасымал көлеміне оң ықпал етуде. Өткен тоғыз айда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша көрсеткіш – осының айғағы.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Таратып айтсақ, негізгі 15 көрсеткіштің 9-ы жоспарға сай орындалған. Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлім бастығы Азиз Айжарықовтың айтуынша, жүк айналымы тоғыз айда 98,9 % межесінен көрінген, яғни 7347 млн тнеттоны құраған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл әлдеқайда ілгері көрсеткіш. Жүк тиеу 101,8, ал вагон айналымы 100,7 пайызды құрады. Жүк тиеу жоспарының орындалуына мұнай өнімдерінің толассыз тасымалы, зауыттардың қалыпты жұмысы, экспортқа шығатын өнімдердің үздіксіз шығарылуы нәтижесінде қол жеткізілген. Өңірде сондай-ақ «Нұрлы жол» бағдарламасына сәйкес Атырау-Астрахань тас жолы салынып жатыр. Оған керек құрылыс материалдары: құм, шөбень, цемент, т.б. темір жол арқылы тасымалданып, жүк көлемінің артуына үлес

қосып отыр. Халық тұтынатын тауарлардың да көлемі артып келеді.

Дегенмен, маманның айтуынша, соңғы кездері Ресей жақтан келетін ауыр салмақты пойыздар, транзитті вагон ағымының саны азайған, көбіне жеңіл салмақты вагондар келеді. Мәселен, Қиғаш түйіспесі арқылы тәулігіне 570 вагон орнына 394 вагон келіпті, ол 3 құрамға кем. Локомотив жүрісі 90,1%-ды құраған. Атырау – Қиғаш, Мақат – Құлсары бағытында жолды күрделі жөндеу жұмыстарының жүруіне байланысты жылдамдықты шектеуге үш мыңнан астам ескерту, жол жөндеу машиналары мен ӨЧ, ШЧ мекемелерінің жұмыстарына байланысты 718 технологиялық және күрделі жөндеуге байланысты 58 «толассез» берілген. Мұндай жағдайда пайдаланым жүк айналымымен қоса, жүк вагоны өнімділігі, вагонның орташа тәуліктік жүрісі, вагонның статистикалық салмағы, бір жүк операциясына вагонның тұруы, локомотив жүрісі, пойыздың учаскелік

жылдамдығы, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы сынды басқа да көрсеткіштер төмендейді. Бөлім бастығының атап өткеніндей, өңірдегі станцияларда жүк операциясына және транзиттік вагондардың тұрып қалуы, сондай-ақ тастанды вагондар саны да артқан. Негізінен локомотивтердің бұзылып қалуы және жеке тасымалдаушылардың локомотивтерінің жетіспеушілігінен осындай жағдайлар кездеседі.

Әйтсе де, негізгі қызмет, яғни тасымал бойынша қаржылай табыс көлемі былтырмен салыстырғанда 60,7% немесе 17 млрд 829 млн 121 мың теңгеге артық болып отыр. Жүк пойызының орташа салмағы 3953 тнбрутто, 98,9%. Айта кетерлігі, аймақта жолдардың сапасы жақсарып келеді. Биыл өңірде жүз шақырым жол күрделі жөндеуден өтті. Жылдамдықтың артуына, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына жол сапасы үлкен сеп екені айтпаса да түсінікті.

Суретті түсірген автор

АСТЫҚ КЕРУЕНІ АҚКӨЛДЕН БАСТАЛАДЫ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Ақкөл жұмыс сипатына қарай учаскелік станция болып саналса, жұмыс көлеміне қарай 3-класты теміржол бекетіне жатады. Ақмола – Қарталы теміржолының құрылысымен 1928 жылдар ашылған станция 1887-1997 жылдар аралығында Алексеевка аталған, бүгінгі Ақкөл елдімекенін жанап өтеді. Тың көтерілген жылдардан соң Қазақстан астығын әлемге таратып, экспорттық тасымалдың табысын арттырған станцияға айналды.

– Станциядан жөнелтілетін негізгі жүк әрине солтүстіктің бидайы. Айналамыз толған элеваторлар, тек егін піскен күздегі жылы-терім кезінде емес, жыл он екі ай бидай тиеу мен жөнелту тоқтаусыз жүреді. Сонымен қатар



металл сынығы, қиыршық тас, ағаш материалдары, картоп, тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдері республиканың өзге өңірлері мен шетелдерге экспортталады. Контейнерлік пойызбен Қытайға да жүктер, соның ішінде бидай жөнелтіледі. Қазіргі таңда айына 150 вагон жөнелтіп, 160 вагон түсіріп отырмыз, оның ішінде көмір және мұнай өнімдері бар. Латвия мен Польшадан малға құрама жем, егіншілік үшін тыңайтқыштар, малға керек дәрілер, Литвадан ауыл шаруашылығына

техникалар жеткізіліп, біздің станциядан түсіріледі. Ақкөлде 9 жол бар, соның екеуі басты жол, қалғандары жүк тиеу-түсіру мен қабылдауға арналған. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің жүктерін тиеп-түсіріп, жөнелтетін 14 тұйық бар, соның ішінде өзіміздің 3 элеватор жұмыс істейді, – деп мәлімет берді Ақкөл станциясының бастығы Нұрбол Назаров.

Теміржол тасымалын тасқындатып, сонымен қатар бүкіл бір облыстың ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосып отырған

Ақкөл станциясында осындай ауқымды жұмыстарды небәрі 24 теміржолшы атқарып отыр екен. Олардың бесеуі – станция кезекшісі, тағы бесеуі – пойыз құрастырушылар, екеуі – тауар кассирлері, төртеуі – жүк қабылдаушы. Ақкөл нағыз тоғыз жолдың торабында орналасқан станция болғандықтан Астанадан басқа облыстар мен елдерге және керісінше басқа жақтан елордаға бағыт алатын транзиттік жүк және жолаушылар пойыздары түгел өтеді. Тәулігіне 12 жұп жолаушылар пойызы, 50 жұп жүк пойызы өтеді.

Станция бастығы Нұрбол Назаров «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісін алған, жас та болса тәжірибелі теміржолшы. Биыл күзгі байқау барысында жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін бөлімше бастығының Алғыс хатын алған.

Суретті түсірген автор

ЗОЛОТОЙ ФОНД КОМПАНИИ



КОНКУРС

Итоги конкурса «Үздік маман-2023» среди работников производственных профессий группы компаний АО «Самрук-Қазына» подвели в Астане. Проект железнодорожника Шерали Ахметова по повышению качества продажи билетов вошел в число 15 лучших по стране.

Любовь РОВБА,
Астана

В этом году ставший традиционным конкурс талантливых и инициативных специалистов, радующих за свое дело, приурочен к 15-летию фонда «Самрук-Қазына». Он прошел в несколько этапов с 17 июля по 16 октября. Свои проекты представили производственные работники группы компаний из разных регионов страны без ограничений по возрасту.

Основными критериями отбора конкурсных работ стали инновационность идеи, ее значимость для развития компании, возможность получения экономического эффекта, масштабируемости и другие.

Первый отборочный этап состоялся внутри портфельных компаний. По его итогам было отобрано 36 лучших проектов – по три от каждой компании. После онлайн-голосования число претендентов на звание лучших сократилось до 24. На этапе защиты проектов жюри, представленное группой экспертов из числа топ-менеджеров фонда и представителей

профессиональных сообществ разных отраслей, определило 15 финалистов.

В их число вошел менеджер группы по безопасности движения АО «Пассажирыские перевозки» Шерали Ахметов с проектом «Повышение качества продажи билетов».

Проект предполагает создание приложения для продажи билетов на поезда национального перевозчика, благодаря которому пассажиры получат информацию о доступных маршрутах, расписании, ценах на билеты и свободных местах, а также смогут там же производить онлайн-оплату и получать электронные билеты.

Его реализация позволит оптимизировать расходы за счет сокращения билетных касс и доли продаж билетов на сторонних ресурсах, взимающих комиссию. К примеру, по итогам 2022 года на ТОО «Каспи Травел» приходится 40% от приобретенных проездных документов, ТОО «Авиага» – 15%, частные кассы – 12% и т. д. В нашем приложении комиссии не будет, а все сэкономленные средства можно будет направить на бонусы и акции для

пассажира, – говорит автор проекта.

Первые эта идея была презентована Шерали Ахметовым в рамках проекта «100 молодых лиц КТЖ». Тогда он заручился поддержкой руководства компании и вошел в десятку финалистов. Теперь проект получил признание на уровне АО «Самрук-Қазына».

КТЖ предоставляет много возможностей для развития и роста. Каждый работник должен ответственно подходить к своему делу, на какой бы должности он ни трудился. Все это способствует достижению общей цели – совершенствованию работы железнодорожного транспорта, повышению его безопасности и комфорта, – говорит финалист «Үздік маман-2023».

Свой путь на железной дороге Шерали Ахметов начал слесарем по ремонту пассажирских вагонов в АО «Вагонсервис», был ведущим инженером, инструктором по автотормозному оборудованию, инструктором по производственному обучению и техническим вопросам поездных бригад филиала АО «Пассажирыские перевозки» – «Северный». Затем добросовестного



и компетентного специалиста пригласили в центральный офис АО «Пассажирыские перевозки». К слову, Шерали Ахметов – пототственный железнодорожник. Его прадед был помощником машиниста в составе первой бригады, которая провела локомотив по Турксибу, а в военные годы был машинистом бронепоезда. В локомотивном хозяйстве трудились также дедушка, мама и другие близкие родственники Шерали Ахметова. И сегодня он достойно продолжает профессиональную династию.

Заслуги железнодорожника на конкурсе «Үздік маман-2023» отмечены дипломом и денежным сертификатом.

– Вы – «золотой фонд» наших компаний, поскольку самый ценный ресурс для «Самрук-Қазына» – это люди, – справедливо отметил на церемонии вручения председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПО НОВЫМ РЕЛЬСАМ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



РЕМОНТ ПУТИ

Сегодня железнодорожники Павлодарского региона завершают один из больших проектов – капитальный ремонт пути на перегоне Курколь – Коктобе и Аксу-2 – Курколь.

Напомним, в Павлодарском отделении магистральной сети в июне 2001 года завершена и сдан в эксплуатацию участок Аксу – Дегелен. С 2018 года начал капитальный ремонт пути на новых железобетонных шпалах с укладкой длиномерных рельсовых плетей до 15 километров. Масштабная реконструкция стартовала 11 апреля. Общий объем работ составил 54,8 километра. Сейчас идут заключительные работы. Это укладка длиномерных рельсовых плетей. Ремонт занимается подрядная организация ТОО «Теміржол жөндеу» – «ПМС Астана». В целом с 2018 по 2023 год на этом участке произведен капитальный ремонт пути объемом 179 километров.

Производственный состав подрядной организации составляет 107 человек, работают вахтовым методом. Это дорожные мастера, монтеры пути, составители поездов, сигналисты, машинисты кранов. В ремонте задействованы два крана УК-25, один проводит демонтаж старогондней рельсошпальной решетки, второй – укладку рельсошпальной решетки на новых железобетонных шпалах, есть тракторы по срезке загрязненного балласта, хопердатор по выгрузке нового щебня, производится сплошная подбивка шпал, рихтовка и опрессовка балластной призмы выправочно-подбивочно-отделочной машиной ЭЛБ-4 и ВПО-3000, после чего укладываются длиномерные рельсовые плети, – рассказал заместитель начальника отдела ТООИР Болат Тайлаков.

Кроме того, подрядчик провел по сплошной смене рельсовых опор на перегоне ОП-116 – Шидерты нечетного пути в объеме 10,3 километра, в том числе средний ремонт пути по станциям Шидерты, Екибастуз-2, Бастау – 7,3 километра. И смена 62 новых стрелочных переводов на железобетонном основании.

РОСТ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

В Костанайском регионе продолжают стремительно наращивать объемы контейнерных перевозок.

Как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев, с начала года погружено грузов в контейнерах 11 853 фитинговые платформы, это 626,5 тысячи тонн. Из них было сформировано 280 организованных маршрутов. К уровню прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 15 274 контейнера.

Что касается номенклатуры отправляемых грузов, то в их числе погружено зерновых культур 330,7 тысячи тонн, из которых было сформировано 150 организованных маршрутов. При этом к уровню прошлого года погрузка зерна увеличена на 8 879 контейнеров. Продуктов перемола отгружено 276,4 тысячи тонн, из них сформировано 120 организованных маршрутов. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, погрузка продуктов перемола в контейнерах увеличена на 6 154 контейнера. Наконец, асбеста по станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минералы» погружено 19,3 тысячи тонн, сформировано 10 организованных маршрутов.

– Как показывает статистика, мы продолжаем стремительно увеличивать объемы номенклатуры, отправляемой в контейнерах, – говорит Кенес Дюсекеев. – Это удается нам благодаря слаженной работе всех структур нашего отделения и всех работников, начиная от руководства до рядового сотрудника.

БЛАГОДАРНОСТЬ ЗА ВКЛАД

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



СОТРУДНИЧЕСТВО

Благодарственные письма от департамента по чрезвычайным ситуациям ВКО в честь профессионального праздника спасателей Казахстана получили железнодорожники региона.

Железнодорожники региона издавна тесно сотрудничают с представителями ДЧС ВКО.

– Работаем мы плотно, помогая государству, – говорит заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марат Уалиев. – Вот недавний случай, когда наш пожарный поезд на станции Оскемен-1 выезжал на помощь в тушении пожара на территории Масложэкстракционного комплекса Усть-Каменогорска. Помощь нашего пожарного поезда сотрудники ДЧС запросили в 3 часа 10 минут 17 октября, после чего он отправился с места дислокации к эпицентру пожара. Совместными усилиями огонь удалось локализовать в 6.25, а ликвидировать в 8.28. Всего в тушении пожара участвовали 82 человека, из них 13 – от пожарного поезда, 63 – от ДЧС ВКО. Сообща, удалось спасти около трех тонн готовой продукции, жертв и пострадавших не было.

По словам Марата Уалиева, помимо тушения реальных пожаров также акимат ВКО, сотрудники ДЧС и железнодорожники вместе отработывают все учения. В честь праздника 19 октября сотрудники ДЧС ВКО организовали торжественное мероприятие и концерт в театре драмы Усть-Каменогорска. Благодарственное письмо Марату Уалиеву на сцене вручил Ергали Бахаев. Заместителя директора Семейского отделения магистральной сети Алибека Шуманова на празднике не было, поскольку он выехал на «технологическое окно» к месту проведения ремонта пути в Кумьстауской дистанции пути. Но награда, как говорится, его найдет.

Профилактика



на 30,2%. Кроме того, отремонтировано 7 364 вагона, увеличение на 27,7%.

В Алматинском отделении грузовых перевозок имеется два межгосударственных стыковых пункта. Так, с начала года сдано 13 098, принято 13 036 поездов.

В Алматинском отделении ГП в эксплуатации имеется 57 средств автоматического контроля КТСМ-02,03. За девять месяцев текущего года проконтролировано 294 510 поездов против 262 168 за 2022 год, остановлено 96.

Командно-инструкторским составом депо на регулярной основе проводятся внезапные ночные и дневные проверки по выявлению нарушения технологии осмотра и обработки поездов, организуются выезды на линейные подразделения.

Стоит напомнить, что основными задачами депо являются: обеспечение безопасности движения поездов и сохранность перевозимых грузов, а также контроль технического состояния грузовых и пассажирских вагонов, находящихся в сформированных составах и транзитных поездах, порожних вагонов при подготовке их к перевозке; выявление неисправностей грузовых и пассажирских вагонов; выполнение необходимого ремонта, обеспечивающего безопасность движения, пожарную безопасность и сохранность перевозимых грузов.

Как отмечают руководители депо Алматы, Достык Кайсар Аманбаев и Бирлик Джакипов, все производственные процессы соответствуют высокому уровню качества исполнения при безусловном соблюдении требований охраны труда и техники безопасности, производственной санитарии.

Фото автора

ТЕНДЕНЦИЯ БЕЗОПАСНОСТИ

В состав Алматинского отделения грузовых перевозок входят Алматинское и Достыкское эксплуатационные вагонные депо, где проводится усиленная профилактическая работа по вопросам обеспечения безопасности движения поездов, снижению производственного травматизма, улучшению качества обработки поездов, выполнению технологического процесса при осмотре и ремонте подвижного состава.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

За девять месяцев текущего года к техническому осмотру предъявлено 81 009 пассажирских и грузовых поез-

дов, за аналогичный период 2022 года – 84 066 поездов. Дано под погрузку 281 440 вагонов, за аналогичный период прошлого года – 255 763 вагона.

С начала года отцеплено 10 559 вагонов, что выше аналогичного периода 2022 года

ЗАБОТА ОБ ОСОБЫХ ПАССАЖИРАХ



СЕРВИС

Более 367 тысяч пассажиров с особыми потребностями перевезено поездами АО «Пассажирыские перевозки» с начала года.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Этот показатель на 64% больше, чем за аналогичный период прошлого года. В составе 44 железнодорожных маршрутов по различным направлениям курсируют 98 единиц специализированных вагонов купе, предназначенных для маломобильных лиц.

Во всех 122 составах на 57 маршрутах, курсирующих по межобластным сообщениям, имеются инвалидные коляски.

На сегодняшний день парк АО «Пассажирыские перевозки» пополнился новыми

50 пассажирскими вагонами, изготовленными казахстанской компанией «ЗИКСТО». Из них четыре специальных вагона, предназначенных для лиц с ограниченными возможностями, оснащены подъемниками и поручнями.

Кроме этого, парк пассажирского подвижного состава составляет 2 567 единиц. Средний возраст вагонов – 18 лет. Обеспеченность парка системой кондиционирования воздуха составляет 76%.

Отметим, что в сентябре текущего года заключен контракт с отечественным производителем АО «ЗИКСТО» на поставку 100 пассажирских вагонов, где

также предусмотрены отдельные специализированные вагоны для лиц с ограниченными возможностями. Вместе с тем в следующем году дополнительно планируется приобрести 157 пассажирских вагонов.

Также в период 2025-2030 годов отечественным производителем ТОО «Штадлер – Казахстан» будут поставлены 537 пассажирских вагонов, в том числе 35 вагонов с купе для людей с особыми потребностями. С учетом всех запланированных мероприятий по обновлению парка подвижного состава в 2030 году средний возраст парка снизится с 18 до 13 лет.

№89 (2906) 24/10/2023

«МОЙЫНТЫ – ШУ» ТЕМІРЖОЛЫНА – 70 ЖЫЛ



Еңселі ескерткіш алдына жиылған теміржолшылар мен сала ардагерлері бір минут үнсіздікпен Тұрардай қайраткердің жолын жалғап, «Мойынты – Шу» теміржолына салуға атсалысқан, дамытуға еңбек сіңірген азаматтарды да еске алып, рухына тағзым етті.

Әрі қарай аудандық Мәдениет үйінде жалғасын тапқан салтанатты шараға әрісі Астана мен берісі Алматыдан арнайы келген қонақтар қатарында танымал сала ардагерлері Қалтай Сәмбетов, Дәулетбай Есімбеков, ҚТЖ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Болатбек Дүйсемәлиев, т.б. болды.

Салтанатты жиынды ашқан Шу ауданының әкімі Бақытжан Жәнібеков көпшілікті экономиканың құрметіне айналған теміржолдың мерейтойымен құттықтап, Трансқазақстан магистралінің құрылысын аяқтайтын Мойынты – Шу темір жол желісінің 70 жылдығы айтулы дата екенін атап өтті. Аудан басшысы атаулы мерейтойға орай бір топ азаматты «Шу ауданына

Тарихқа – тағзым, өткенге құрмет көрсетуге арналған мерекелік іс-шара тоғыз жолдың торабы Шу станциясында аталып өтті. Қазақ теміржолының тынысын ашып, өңірдің әлеуметтік және экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан теміржол торабының айтулы датасы қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталды.



сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапаттады. Сондай-ақ 20-ға жуық ардагер теміржолшыға «Мойынты – Шу» теміржол желісінің пайдалануға берілгеніне 70 жыл» мерейтойлық медалі тапсырылды.

Жиында сөз алған ардагерлер ел тарихының елеулі кезеңін қамтитын 70 жылда темір жолда еңбек еткен сала қызметкерлерінің еңбектері мен ел экономикасының дамуына қосқан үлестеріне айрықша тоқталды. Сала ардагерлері Кеңестің төрағасы Болатбек Дүйсемәлиев өз сөзінде гасырлық кезеңге қадам басқан

«Мойынты – Шу» учаскесінің бүгінгі таңда көлік-логистиканы дамытуда үлкен маңызға ие екеніне ерекше тоқталды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда нағыз халықтық құрылысқа айналған «Мойынты – Шу» теміржол желісінің мерейтойы Шу ауданы ғана емес, ел тарихында елеулі дата екеніне өз сөзінде ардагер теміржолшы Дәулетбай Есімбеков те тоқталды. Ал Жұмабай Шаяхметовтің немересі Равиль Шаяхметов «Мойынты – Шу» телімінің тарихи маңызын тілге тиек етті.

Салтанатты шараға арнайы



келген «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Адами ресурстарды басқару және әлеуметтік саясат департаментінің атқарушы директоры Әділжан Исмуханбетов те сөз алып, теміржолшылар мен сала ардагерлерін, жалпы Шу ауданы жұртшылығын өңірдің дамуына қызмет етіп келе жатқан болат магистральдың 70 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Жиын соны Шу аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының концертіне ұласып, ән мен жырдан шашу шайылды.

Ардақ **ҰСЕЙІНОВА**, Тараз – Шу
Суреттерді түсірген автор

ЧТО СОКРЫТО ЗА КНИЖНЫМИ ПОЛКАМИ

Более двух тысяч книг оцифровали библиотекари технической библиотеки НТИ Павлодара, где по сей день хранятся энциклопедии по теме стальной магистрали, датируемые аж 1939 годом.



В профессиональный праздник Дня библиотекаря, который отмечается в Казахстане 24 октября, мы побывали в гостях в одном из главных храмов знаний Павлодарского Прииртышья. Сегодня в его книжном фонде насчитывается 26 тысяч экземпляров. Правда, нового поступления не было давно. Иногда железнодорожники хотят отвлечься от работы, поэтому приходят в библиотеку за прессой, деловыми журналами, художественной литературой. В числе читателей не только работники стальной магистрали, но и жители города. Научно-техническая библиотека стала настоящим центром притяжения. В ее стенах проводятся различные мероприятия: семинары, мастер-классы, спортивные турниры по интеллектуальным играм, на учебном полигоне студенты практикуются и сдают экзамены. На территории библиотеки установлен знаменитый императорский вагон, построенный в 1913 году для царя Николая II на Петровском вагоностроительном заводе. Он давно стал достопримечательностью Павлодара. Все это благодаря усилиям Аби Саркыншакова. Стоит отметить, что в книгохранилище в память о нем открыт отдельный стенд, где собраны его книги, фотографии и многое другое.

Главная гордость научно-технической библиотеки – старинные издания и энциклопедии. Это «Локомотивы», «Эксплуатация железных дорог», «Локомотивное и вагонное хозяйство», «Обработка металлов на предприятиях железнодорожного транспорта», «Энергоснабжение железных дорог», «Электроподвижной состав железной дороги» и т. д.

Не зря говорят, что не место красит человека, а человек место. В свободное время Татьяна Бахтина занимается благоустройством территории, сажает цветы, словом, создает уют на работе, давно ставшей для нее вторым домом.

– Я люблю свою работу! В каждой профессии есть свои трудности, легкой работы не бывает. И это надо понимать, – мудро замечает библиотекарь.

Татьяна Бахтина и Галина Цапелина мечтают о том, чтобы в научно-технической библиотеке НТИ Павлодара прошел ремонт и был открыт музей, как об этом мечтал и Почетный железнодорожник Аби Саркыншаков.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Семей ЖТ бөлімшесінде ерекше салтанатты шара өтті. Аймақ теміржолында ұзақ жыл абыройлы еңбек етіп зейнетке шыққан сала ардагерлері бас қосқан жиын ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісі болғаны анық.



ЛЕЙСЯ, ПЕСНЯ!

Октябрь – значимый для нашей страны месяц, в котором празднуется День пожилых людей и День Республики Казахстан, и в течение октября проходит месячник милосердия. Уральские железнодорожники, следуя традиции, пригласили ветеранов на чаепитие в кафе «Губер».



Сегодня на учете ветеранской организации железнодорожных предприятий Уральского региона состоит более 1 000 пенсионеров. Пригласить всех, конечно, невозможно и в силу ограниченной мобильности некоторых из них, и по причине местожительства. Однако без внимания не оставили никого. В частности, работники железнодорожного вокзала города Уральска навестили одинокую пенсионерку Татьяну Котову, уже 14 лет прожи-

вающую в доме-интернате в селе Переметное.

На чаепитие же в кафе «Губер» пригласили тех ветеранов, кто в свое время возглавлял профсоюзные и ветеранские цехкомы, был общественным активистом во время трудовой деятельности и после выхода на заслуженный отдых. Их тепло приветствовал заместитель директора Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Орал Уксакбаев. Празднич-



ное настроение создавал «золотой голос» Уральского эксплуатационного вагонного депо и прекрасный гармонист – осмотрщик-ремонтник вагонов Серик Бижанов, а также солист областной филармонии им. Г. Курмангалиева Марат Сарбулеев.

К слову, Марат Маулетович известен и за пределами Западного Казахстана. С сольными концертами выступал в столице нашей родины, в России, Китае, США и Восточной Европе, лауреат многих международных конкурсов. А еще он крепко дружит с железнодорожниками и охотно отзывается на их приглашения. После встречи приглашенные ветераны делились восторженными впечатлениями, признавались, что, спев дуэтом с прославленным певцом, помолодели лет на 20.

Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск
Фото автора

В ВОЛЕЙБОЛЕ ВАЖНА ДИСЦИПЛИНА



Первенство по волейболу среди команд железнодорожных структур Карагандинской области состоялось в Детско-юношеской спортивной школе станции Акадыр.



В спортивном мероприятии приняли участие пять команд: ПЧ-26, ШЧ-21, ТД-11, ЭЧ-12 (две команды), то есть 54 человека.

Мужской коллектив волейболистов развлекла единственная представительница прекрасного пола, инженер по технике безопасности и

охране труда из команды ТД-11 Айгерим Курманбаева.

Перед началом соревнования участников поприветствовал инструктор по спорту узла Акадыр Куаныш Игитаев, пожелав удачи, азарта и корпоративного единства, которым славятся карагандинские железнодорожники. К его

пожеланиям присоединились и представители профсоюзных комитетов, приехавших на узел Акадыр, чтобы поболеть за своих коллег.

Игра была насыщенной и интересной, волейболисты упорно защищали свою территорию от соперников.

По итогам первенства первое место заняла команда ЭЧ-12, второе – ЭЧ-12 станции Жарык и третье – команда ШЧ-21.

Призы победителям были представлены Карагандинским филиалом ОО «Каз-профтранс».

Как отметили участники соревнования, занятия спортом улучшают настроение, помогают бороться со стрессами и депрессиями, развивают ловкость, точность движений, подвижность и гибкость. Безусловно, спорт помогает и в работе, так как он способствует развитию концентрации внимания, упорству и дисциплине. И с этим трудно не согласиться.

Светлана МОГАЙ,
Караганда
Фото автора

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Құманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.